



Телефон станциясын пайдалануды реттеу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1996 жылғы 26 шілде N 356
Мемлекеттік қаражаттарды үнемдеу және Алматы қаласындағы

ұқіметтік автоматты телефон станциясын (YATC) пайдалануды реттеу
мақсатында:

1. YATC-на қосылуға басым құқығы бар абоненттердің тізбесі
бекітілсін /қоса берілп отыр/.

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар
министрлігі:

көрсетілген тізбеге кірмеген YATC абоненттерінің телефондарын
ажыратуды жүргізсін;

YATC-на жаңа абоненттер қосу тек Қазақстан Республикасы
Үкіметінің Аппараты Басшысының келісімі бойынша жүргізіледі.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі Аппаратының қызметкерлеріне
алдын ала арнаулы журналда жазылғатын оның келісімін алыш, тек
Аппараттың құрылымдық бөлімшесі басшысының қабылдау бөлмесіндегі
телефоннан ғана қалаараптық сөйлесуге рұқсат етілсін.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
1996 жылғы 26 шілдедегі
N 356 өкімімен
бекітілген

Алматы қаласындағы ұқіметтік автоматты телефон станциясына
/YATC/ қосылуға басым құқығы бар абоненттердің
ТІЗБЕСІ

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі
Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасарлары
Қазақстан Республикасының Үкіметі Аппаратының Басшысы

Қазақстан Республикасының министрлері
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік комитеттердің төрағалары
Алматы қаласы мен Алматы облысының әкімдері
Қазақстан Республикасының Үкіметі Аппараты Басшысының
орынбасарлары

Қазақстан Республикасының Үкіметі Аппаратының құрылымдық
бөлімшелері басшылары

Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамына кірмейтін орталық
атқарушы органдардың басшылары

Қазақстан Республикасы министрлерінің орынбасарлары

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік комитеттері төрағаларының
орынбасарлары

Алматы қаласы мен Алматы облысының әкімдерінің орынбасарлары

Премьер-Министрдің және оның орынбасарларының көмекшілері мен
кеңесшілері

Қазақстан Республикасының Үкіметі Аппаратының құрылымдық
бөлімшелері басшыларының орынбасарлары

Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамына кірмейтін орталық
атқарушы органдардың басшыларының орынбасарлары

Департаменттердің, Агенттіктердің, Комитеттердің, Ұлттық
акционерлік компаниялардың басшылары

Энергетиканың, көліктің барлық түрлерінің, газбен, сумен,
жылумен жабдықтаудың тоқтаусыз жұмыс істеуін қамтамасыз етуге тікелей
байланысты кәсіпорындар мен ұйымдардың бірінші басшылары, сондай-ақ
Қазақстан Республикасының Үкіметі тағайындағын басқа да лауазымды
тұлғалар.

YATC-на "қызметтік" санаты бойынша:
байланыс департаментінің директоры орынбасарларының
"Қазтелеком" YAK вице-президенттерінің
"Қазтелеком" YAK-ның басқарма құқығындағы бөлімдері бастықтарының
Республикалық почта байланысы мемлекеттік кәсіпорны бас
директорының

Алматы қаласындағы телекоммуникациялар мен почта байланысы кәсіпорындары
басшыларының және басшылары орынбасарларының телефондары қосылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК